

Еңбегімен танымал ардагер



Сәкен Сейфуллин атындағы орталық кітапхана ұжымы Жаңаарқа ауданындағы маңызды оқиғаларды қалт жібермей, үнемі жерлестеріміздің мерейін үстем етуге тырысып жүреді.

Қараша айында да елімізге қаншама еңбегі сіңген Сатан Нұрғожаұлы Ысқақовтың туғанына 95 жыл толуына орай ұрпақтарымен кездесу ұйымдастырып, келелі кездесу көпшіліктің көңілінен шықты.

Өткен аптада Жаңаарқа ауданына қарасты С.Сейфуллин ауылына арнайы атбасын бұрған кітапхананың ақпараттық – библиографиялық бөлім қызметкерлері еңбегімен елге танымал ардагер, Түгіскен ауылының тумасы, шопан, Социалистік еңбек ері, ҚазКСР – нің еңбек сіңірген қызметкері Сатан Нұрғожаұлы Ысқақовтың ұрпақтарымен кездесу ұйымдастырды. Шараның басты мақсаты өскелең ұрпаққа жерлесіміздің жемісті еңбектерін жария етіп, жан – жақты мәлімет беру болатын. Ардагер ағамыз жайында сыр шерту үшін жұбайы Несіпбала Ысқақова, Сатан атаның ұлы Ақберген Сатанұлы, ақын Әйкен Асанова және мектеп оқушылары қатысты. Шара барысында арқа өңірінің үздік шопаны болған Сатан Нұрғожаұлының өмірбаянына қысқаша шолу жасалып, кітап көрмесі таныстырылды.

Ердің ерен еңбектері жайында жан – жақты ақпарат айтылған соң, азамат жайында үзік сырды өмірлік жары, тұрмыстың қиындығы мен қызығын қатар өткізген, Сатан атамен ширек ғасырға жуық отасқан жұбайы Несіпбала апамызға сөз берілді. Айта кетейік, көпшілікке үлгілі отбасы он бес баланы тәрбиелеген көпбалалы жанұя.

Ер азаматы жайында естеліктерімен бөліскен Несіпбала апа танымал тұлғаның тағдырының оңай болмағандығын алға тартып, қанша қиындық келсе де қасқайып қарсы тұрып, өзінің қажыр – қайратымен жеңе білгендігін тілге тиек етті. Еңбекке деген зор құлшынысы мен адалдығы ел арасында абройының артуына септігін тигізіп, арқаның беделді азаматы атануға негіз болған екен. Өз бақытын адал маңдай терімен тапқан тұлға жайында қызықты оқиғалар оқушыларды да елең еткізді.

Келесі сөз кезегін қара шаңырақ иесі, отбасындағы сүт кенже баласы Ақберген Сатанұлы алып, әкесі жайында қатысушыларға баяндап берді. Қазіргі «Әке көрген – оқ жонар» деген тамаша сөз бар. Бұл мақал Ақберген ағаға да өз әсерін тигізген сыңайлы. Себебі, азамат өмірден өз жолымды тауып, қоғамның бір бөлшегіне кірпіш болып қалануыма әкемнің рөлі ерекше болды деп айтып өтті. Ер жетіп, ес жиғанша ерекше қамқорлығын үйіп – төккен, балаларына үлгілі әке болған Сатан атаға деген ерекше сезім Ақберген ағаның бойынан ұшқын атып, сырт көзге айқын аңғарылып тұрды. Сұбхат барысында ұлы: «Менің адам болуыма мұрындық болған әкем, мен үшін бұл өмірдегі ең жақсы адам, мен өз әкеммен мақтанамын», - деп «Әке туралы толғау» әнін домбыраның құлағын күйлеп, нақышына келтіріп шырқап берді.

Кездесуге арнайы шақырылған ақын Әйкен Асанова да сөз сөйлеп, өзінің жүрегінен жарып шыққан жыр шумақтарын шара қатысушыларына оқып берді.

Айта кетейік, шара барысында кішкентай қонақтар, яғни мектеп оқушылары да назардан тыс қалмай, ардагер ағамыз жайында көкейлеріндегі сауалдарын жолдап, нар тұлғалы азамат жайында толыққанды ақпаратпен танысты.

Іс-шара соңында С.Сейфуллин атындағы орталық кітапхананың ақпараттық – библиографиялық бөлім меңгерушісі Ақбөпе Кәртаяқызы Оралбаева сөз тізгінін алып, кешке арнайы келген қонақтарға өз алғысын білдіріп, естелік ретінде сый сияпаттар табыстады. Әсерлі кеш өлкетану бөлімінің жетекшісі Зәмзәгүл Құрақбайқызы Қабденованың орындауындағы әсем әуенмен өз мәресіне жетті.

Еліне еңбегін сіңіріп, өмірі өнегемен өрілген, бақытын бейнетінен тапқан, келешекке кемелденген ағы қалған, жерлесіміз Сатан Нұрғожаұлы Ысқақов қандай мақтауға болсын лайық! Ұлт ұландары ұлы тұлғалар жайында жан – жақты танысып, ұмытпауы тиіс. Сондықтан, аталмыш шараның маңызы тым ерекше.

Салтанат Бақышева,

«С.Сейфуллин атындағы орталықтан дырылған кітапханалар жүйесі» КММ ақпараттық – библиографиялық бөлім кітапханашысы